


7 сынып геометрия 6 – шы сабақ тапсырмалары.

- №1.** Екі параллель түзуді қиюшымен қиғандағы ішкі тұстас бұрыштардың айырмасы 50° . Осы бұрыштарды табыңыз.
- №2.** Екі параллель түзуді қиюшымен қиғандағы ішкі тұстас бұрыштардың айырмасы 30° . Осы бұрыштарды табыңыз.
- №3.** Қиюшы мен параллель екі түзу арасындағы айқыш бұрыштардың қосындысы 150° . Осы бұрыштарды табыңыз.
- №4.** Қиюшы параллель екі түзумен қиылысқанда пайда болатын бұрыштардың бірі 72° . Қалған 7 бұрышты табыңыз.
- №5.** Қиюшы мен параллель екі түзу арасындағы бұрыштардың бірі 30° . Өзге 7 бұрыштың бірі 70° – қа тең болуы мүмкін бе?
- №6.** Қиюшы мен параллель екі түзу арасындағы ішкі айқыш бұрыштардың қосындысы 210° . Осы бұрыштарды табыңыз.
- №7.** Екі параллель түзуді үшінші түзумен қиғанда пайда болатын ішкі тұстас бұрыштардың биссектрисалары қандай бұрышпен қиылысады?
- №8.** Егер үшбұрыш бұрыштарының қатынасы $4 : 9 : 5$ қатынасындай болса, онда бұл үшбұрыш тікбұрышты үшбұрыш болатынын дәлелдеңіз.
- №9.** Үшбұрыштың бір бұрышы екіншісінен 30° үлкен, ал үшіншісінен 30° кіші. Үшбұрыштың барлық бұрыштарын табыңыз.
- №10.** Табаны AC болатын ABC тең бүйірлі үшбұрышының биссектрисасы AD. Егер $\angle C = 50^\circ$ болса, онда $\angle ADC$ -ны табыңыз.
- №11.** ABC үшбұрышының A және B бұрыштарының биссектрисалары N нүктесінде қиылысады. Егер $\angle A = 58^\circ$, $\angle B = 96^\circ$ болса, онда $\angle ANB$ -ны табыңыз.
- №12.** ABC үшбұрышында $AB = 18$ см, $\angle B = 30^\circ$, $\angle C = 90^\circ$.
1) A нүктесінен BC түзуіне дейінгі қашықтықты; 2) AB көлбеуінің AC түзуіндегі проекциясын табыңыз.
- №13.** ABC үшбұрышында $\angle A = \angle B = 45^\circ$ және $AB = 19$ см.
1) C нүктесінен AB түзуіне дейінгі қашықтықты; 2) AC кесіндісінің AB түзуіндегі проекциясын табыңыз. (1 – сурет) .



1 – сурет

№14. Тең бүйірлі үшбұрыштың табанына қарсы жатқан бұрышының сыртқы бұрышының биссектрисасы табанына параллель болатынын дәлелдеңіз.

№15. Екі параллель түзудің қиюшымен жасайтын бұрыштарының

а) біреуі 150^0 — қа тең; ә) біреуі екіншісінен 70^0 — қа үлкен болса, осы бұрыштарды табыңыз.

№16. Параллель түзулердің қиюшымен жасайтын екі ішкі айқыш бұрыштардың қосындысы 150^0 — қа тең. Осы бұрыштарды табыңыз.

№17. Параллель түзулердің қиюшымен жасайтын екі тұстас бұрыштарының айырымы 30^0 — қа тең. Осы бұрыштарды табыңыз.

№18. АВ кесіндісінің ұштары a және b параллель түзулерінде жатыр. Осы кесіндінің ортасын O нүктесі арқылы өтетін түзу a және b түзулерін C және D нүктелерінде қиып өтеді. $CO = OD$ екенін дәлелдеңіз.

№19. Екі параллель түзудің қиюшымен жасайтын ішкі айқыш бұрыштарының биссектрисалары параллель, яғни параллель түзулердің бойында жататынын дәлелдеңіз.

№20. Тең бүйірлі үшбұрыштың сыртқы бұрыштарының бірі 115^0 .
Үшбұрыштың бұрыштарын табыңыз.

№21. ABC тең бүйірлі үшбұрышының табаны AC, биссектрисасы AD. Егер $\angle ABD = 110^0$. болса, онда ABC үшбұрышының бұрыштарын табыңыз.

№22. Егер тік бұрышты үшбұрыштың тік бұрышынан түсірілген биіктігі катетімен 50^0 — қа тең бұрыш жасайтын болса, онда осы үшбұрыштың бұрыштарын табыңдар.

№23. Тік бұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының биссектрисалары 45^0 бұрыш жасап қиылысатынын дәлелдеңіз.